ISSN 2788-7979 (online)
5 Chomsky, N. (2023) “Noam Chomsky: The false promise of ChatGPT”, *The New York Times*. Available at: https://www.nytimes.com/2023/03/08/opinion/noam-chomsky-chatgpt-ai.html (Accessed: 7 March 2026).
6 Choi, Y. (2022) “The curious case of commonsense intelligence”, *Daedalus*, 151(2), pp. 139–155. doi: https://doi.org/10.1162/daed_a_01906.
7 Ruder, S., Vulić, I. and Søgaard, A. (2019) “A survey of cross-lingual word embedding models”, *Journal of Artificial Intelligence Research*, 65, pp. 569–631. doi: https://doi.org/10.1613/jair.1.11640.
8 Aharoni, R., Johnson, M. and Firat, O. (2019) “Massively multilingual neural machine translation”, in *Proceedings of the 2019 Conference of the North American Chapter of the Association for Computational Linguistics: Human Language Technologies, Volume 1 (Long and Short Papers)*, Minneapolis, Minnesota. Association for Computational Linguistics, pp. 3874–3884. doi: https://doi.org/10.18653/v1/N19-1388
9 Naous, T., Ryan, M.J., Ritter, A. and Xu, W. (2024) “Having beer after prayer? Measuring cultural bias in large language models”, in *Proceedings of the 62nd Annual Meeting of the Association for Computational Linguistics (Volume 1: Long Papers)*, Bangkok, Thailand. Association for Computational Linguistics, pp. 16366–16393. doi: https://doi.org/10.18653/v1/2024.acl-long.862
10 Eslamgaliuly, M. (1991) *San qily saual* [Various questions]. Almaty: Ana tili.
11 Syzdykova, R. (2014) *Sözder söileidı (sözderdıñ qoldanylu tarihynan). Köptomdyq şyğarmalar jinağy* [Words speak (from the history of word usage). Collected works in multiple volumes]. Almaty: El-shezhire.
12 Kenesbaev, I.K. (1977) *Qazaq tılınıñ frazeologialyq sözdıgı* [Kazakh phraseological dictionary]. Almaty: Publishing House of the Kazakh SSR.
13 Akhmetova, Z. (2018) *Küretamyr* [Main artery]. Almaty.
14 Qazaqtyñ şeşendık önerı [Kazakh oratory art] (2022). Almaty: «Mazmūndama» qoğamdyq qory

Received: 29.03.2026

ҒТАМР 17.00.00 DOI: 10.59102/kufil/2026/iss3pp256-267

А.М. Ахмеджанова [1], Г.К. Кажибаева[1]
[1]Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 020000, Қазақстан

ТӨЛЕГЕН ҚАЖЫБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Зерттеудің мақсаты – Төлеген Қажыбай поэзиясындағы өмір–өлім, уақыт–мәңгілік және туған жер–тарихи жад семантикалық модельдерінің көркемдік қызметін айқындап, ақынның ұлттық поэтикалық дәстүрдегі даралығын салыстырмалы-типологиялық тұрғыдан негіздеу. Материал ретінде Т. Қажыбайдың «Өмір жыры» циклі мен «Көкшеге» өлеңі, ал салыстырмалы контекст ретінде М. Мақатаевтың «Өмір дейтін», «Туған жерім» және Т. Айбергеновтің «Өмір», «Дала» өлеңдері алынды. Салыстыру тақырыптық өзек, лирикалық субъект, кеңістік бейнесі, жетекші троптар және композициялық-семантикалық құрылым өлшемдері бойынша жүргізілді. Нәтижесінде үш ақынға өмірдің қозғалыс, қарама-қайшылық және рухани сабақтастық ретінде бейнеленуі ортақ екені, ал Т. Қажыбайдың даралығы дәстүрлі толғау, арнау және жоқтау поэтикасын Көкше кеңістігімен, ұлттық тарихи жадпен және тұлғалық рефлексиямен ұштастыруынан көрінетіні анықталды. Ақын поэзиясында антитеза, метафора, символ, психологиялық параллелизм мен композициялық шеңбер жекелеген тәсілдер емес, адам–уақыт–мекен тұтастығын қалыптастыратын өзара сабақтас көркемдік жүйе ретінде қызмет етеді.

ISSN 2788-7979 (online)

Кілтті сөздер: поэзия, салыстырмалы-типологиялық талдау, көркемдік жүйе, экзистенциалдық проблематика, психологиялық параллелизм, тарихи жад, ұлттық поэтикалық дәстүр.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Төлеген Қажыбай поэзиясында өмірдің өткіншілігі, уақыт пен мәңгілік, туған жер мен тарихи жад, тұлға мен қоғам арақатынасы өзара сабақтасқан көркемдік жүйе құрайды. Ақын дерексіз ұғымдарды «ұлы көш», «ақ жамбы», «ақ таң», «туған жер құшағы» тәрізді заттық әрі кеңістіктік образдар арқылы нақтылайды. Оның поэтикалық мұрасы ұлттық танымды тереңдетіп, ұрпақтың рухани және эстетикалық көкжиегін кеңейтетін көркемдік мәнге ие.

Бейнелілік – поэзиядағы ой мен сезімді тұтастыратын негізгі эстетикалық категориялардың бірі. С. Негимов көркем туындының құндылығын мазмұн мен пішіннің, суреттеу мен бейнелеу құралдарының ішкі бірлігімен байланыстырады [6, 194]. Бұл қағида

Т. Қажыбай өлеңдерін талдауда нақты әдіснамалық қызмет атқарады: мақалада троптар мен стилистикалық фигуралар жеке атаулар ретінде емес, өмір, уақыт, туған жер және ұлттық жад туралы авторлық концепцияны ұйымдастыратын элементтер ретінде қарастырылады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – Т. Қажыбай поэзиясының көркемдік-философиялық жүйесін тақырыптық ұқсастықпен шектемей, семантикалық модельдер мен поэтикалық тәсілдердің өзара байланысы негізінде сипаттау.

М. Мақатаев пен Т. Айбергенов шығармалары қазақ лирикасындағы бір дәуірге тән ортақ дүниетанымдық өзектерді айқындайтын салыстырмалы контекст ретінде таңдалды. Салыстыру Т. Қажыбай поэзиясындағы толғаулық интонацияның, Көкше кеңістігін тарихи жад моделіне айналдырудың және өмір–өлім оппозициясын ұрпақтар сабақтастығы арқылы шешудің дара сипатын танытады.

КІРІСПЕ

Төлеген Қажыбай шығармашылығы туралы әдеби-публицистикалық пайымдар болғанымен, осы мақалада пайдаланылған ғылыми әдебиеттер аясында оның философиялық, көңіл-күй және табиғат лирикасын біртұтас көркемдік жүйе ретінде салыстырмалы-типологиялық тұрғыдан талдаған арнайы зерттеу кездеспейді. Демек, зерттеу олқылығы ақын поэзиясындағы өмір–өлім, уақыт–мәңгілік және туған жер–тарихи жад модельдерінің өзара байланысы мен авторлық даралығының жүйелі сипатталмауынан көрінеді.

З. Ахметовтің поэзиядағы көркем ой мен сезім бірлігі туралы тұжырымы [2, 7] осы олқылықтың орнын толтыруға теориялық негіз береді: Т. Қажыбай мәтіндеріндегі тілдік бейнелер олардың дүниетанымдық мазмұнынан ажыратылмай, тұтас поэтикалық құрылым ретінде қарастырылады.

Зерттеудің мақсаты – Т. Қажыбай поэзиясының көркемдік-философиялық жүйесін айқындап, оның М. Мақатаев пен Т. Айбергенов поэзиясымен типологиялық үндестігі мен даралық белгілерін көрсету. Осы мақсатқа сәйкес: 1) негізгі семантикалық модельдер анықталды; 2) оларды түзетін троптар мен композициялық тәсілдердің қызметі талданды;

3) үш ақын шығармалары тақырыптық өзек, лирикалық субъект, кеңістік моделі, образдар жүйесі және интонациялық-композициялық құрылым бойынша салыстырылды. М. Мақатаевтың сыршыл-медитативтік және Т. Айбергеновтің романтикалық-экспрессивтік поэтикасы Т. Қажыбайдың толғаулық интонациясы мен тарихи-кеңістіктік жад моделін нақтылайтын ғылыми салыстыру аясы ретінде алынды.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеуде өзара сабақтас үш әдіс қолданылды. Салыстырмалы-типологиялық әдіс үш ақынның өлеңдерін бес өлшем бойынша салыстыруға бағытталды: тақырыптық өзек; лирикалық субъектінің позициясы; уақыт пен кеңістік моделі; жетекші троптар; композициялық-интонациялық құрылым. Құрылымдық-семантикалық талдау антитеза,

ISSN 2788-7979 (online)

метафора, символ, анафора және психологиялық параллелизмнің өмір–өлім, уақыт–мәңгілік, туған жер–тарихи жад модельдерін қалай қалыптастыратынын анықтады. Герменевтикалық тәсіл осы модельдердің ұлттық дүниетаныммен, тұлғалық рефлексиямен және мәдени жадпен байланысын түсіндіруге қолданылды. Әдістердің арақатынасы мынадай: алдымен мәтіндік құрылым белгіленді, кейін оның мағынасы интерпретацияланды, соңында типологиялық ұқсастық пен авторлық даралық салыстырылды.

НӘТИЖЕЛЕР

Зерттеуде философиялық, көңіл-күй және табиғат лирикасы дербес жанрлар емес, лириканың тақырыптық түрлері ретінде бірізді қолданылды.

Ә. Жәмішев философиялық, саяси, табиғат және махаббат лирикасын қалыптасқан тақырыптық арналар ретінде көрсетеді [7, 5]; бұл жіктеу зерттеу материалын жүйелеуге негіз болды. П. Ламарк лириканың құндылығын оқырманның аффективтік, танымдық және сезімдік тәжірибесімен байланыстырса [4, 72], К. Симечек лирикалық «менді» қабылдау, таным және сезім орталығы ретінде түсіндіреді [5, 312]. Бұл тұжырымдар мақалада екі нақты қызмет атқарады: біріншісі өлеңнің эмоциялық-философиялық әсерін, екіншісі лирикалық субъектінің әлемді қабылдау перспективасын талдауға мүмкіндік береді. Осы теориялық негізде Т. Қажыбай поэзиясындағы өмір–өлім және уақыт–мәңгілік модельдері, сондай-ақ туған жердің тарихи жад кеңістігіне айналу жолдары қарастырылады.

Табиғат лирикасын талдауда пейзаждың сипаттамалық емес, семантикалық қызметі басшылыққа алынды. С. Негимов пейзаждың шығарма мазмұны мен идеялық сапасын байытатынын көрсетсе [6, 164], Ә. Жәмішев табиғат көрінісі адам өмірімен, еңбегімен және ойымен астасқанда ғана эстетикалық әсері күшейетінін атап өтеді [7, 113]. Сондықтан

Т. Қажыбайдағы Көкше бейнесі сыртқы көрініс ретінде емес, лирикалық субъектінің рухани мекені мен ұлттық тарихи жадын біріктіретін көркем модель ретінде талданды.

ТАЛҚЫЛАУ

Төлеген Қажыбай поэзиясының көркемдік жүйесінде философиялық, көңіл-күй және табиғат лирикасы өзара сабақтасып, адам–уақыт–мекен тұтастығын қалыптастырады. «Өмір жыры» цикліндегі өмірдің бірегейлігі мен өлімнің бұлжымайтын заңдылығы ақынның философиялық ұстанымын кесімді «экзистенциализм» ұғымымен емес, адам болмысының шектеулілігі мен өмірдің қайталанбас сипатын танытатын экзистенциалдық проблематика арқылы сипаттауға мүмкіндік береді. «Өмір деген ұлы көш қой, / Оның жолы мәңгілік» [8, 47] тармақтарындағы «ұлы көш» метафорасы жеке ұмырды ұрпақтар сабақтастығымен ұштастырады. «Өкініші – екі өмір жоқ», «Ол да қатал заңдылық» [8, 47] жолдары тіршіліктің құнын оның қайталанбастығы арқылы айқындайды. Қайғы мен шаттық, күдік пен үміт, сүріну мен самғау, өмір мен өлім тәрізді антитезалық жұптар дүниенің қарама-қайшылықты тұтастығын ашады; олар жекелеген тәсілдер емес, өмірді үздіксіз қозғалыс ретінде танытатын ортақ семантикалық модельге бағынады.

Бар-ақ өмір, бір-ақ тірлік,

... Көшке ілесер күймен әлі [8,47].

Бір өлім бар, екі өлім жоқ,

... Өмір бірақ үзілмейді [8, 47]. Бұл шумақтарда өмір мен өлім ұғымдары мағыналық параллелизм және антитезалық құрылым арқылы өзара толықтырылады. Өмірдің жалғыздығы өлімнің бұлжымайтын заңдылығымен қатар қойылып, жеке ұмырдың аяқталуы жалпы тіршіліктің тоқтауын білдірмейтіні аңғарылады.

Өмір бірақ үзілмейді,

Жасай берер жаңғырып [8, 47]. Осы қайталым өлеңнің композициялық шеңберін тұйықтайды: жеке адам өмірден өтеді, бірақ тіршілік ұрпақ пен рухани мұра арқылы жаңғырады. Метафора, эпитет, антитеза және анафора осы негізгі концепцияға қызмет етеді.

ISSN 2788-7979 (online)

«Жалғыз баста...» анафорасы лирикалық субъектінің жалғыздығы мен ішкі әлемінің көпқырлылығын қатар танытса, «өмір – ұлы көш» метафорасы жеке тағдырды тарихи қозғалыспен байланыстырады.

Өтер көктем, өтер жазың,

Жетер жылжып күз деген [8,46] тармақтарында уақыттың ағымы мен адам өмірінің кезеңдері бірінен кейін бірі дамып, заңды шегіне — күзге қарай жылжып отырады. Сезім мен ұғымдардың біртіндеп күшеюі немесе өзгеруі байқалады. Бұл өленнің философиялық өзегі — диалектика және экзистенциалдық қабылдау (өмірдің қарама-қайшылығы мен жалғыздығын мойындау). Жоғарыдағы көркемдік құралдар мынадай басты қызметтерді атқарып тұр. «Жалғыз баста...» анафорасы адамның бұл дүниедегі жеке тұлғалық (экзистенциалды) жалғыздығын көрсетсе, оның қасына қойылған «мың қайғы», «мың шаттық», «мың күдік» сөз өрнектері сол жалғыз жанның ішкі әлемі қаншалықты бай, шексіз әрі күрделі екенін дәлелдейді. Өленде дүниенің тұтастығын көрсетуде эпитет, метафораларға жүк артқан. Зерттеуші ғалым С. Кәрібаева авторлық метафораның басты талабы оның автордың сөз қолдану даралығын, өзіндік мәнерін танытуы екенін айтады. Ғалымның пікірінше, автордың сөз қолдану ерекшелігі оның когнитивтік-ассоциациялық ойлауының жекелігін көрсетеді, яғни белгілі бір сөз топтарын метафора ретінде қолданудағы танымдық ерекшелігімен сабақтасады [9,46]. Ғалым С. Кәрібаева авторлық метафораның басты ерекшелігі оның автордың когнитивтік-ассоциациялық ойлауымен, сөз қолданудағы даралығымен тығыз байланысты екенін айтса, бұл пікір аталған өлендегі көркемдік талдаумен тікелей сабақтасады. Өйткені өленде ақын өмірді «ұлы көшке», ал өлімді «қатал заңдылыққа» балау арқылы оларды қарама-қарсы ұғымдар ретінде береді. Алайда бұл қарсы қою оқырманды торығуға емес, өмірдің терең мәнін түсінуге жетелейді. Ақынның «Өмір деген ұлы жырау» деген авторлық метафорасы да осы ойды нақтылай түседі. Мұнда өмір жеке құбылыс емес, үлкен үйлесімге бағынған тұтас жүйе ретінде танылады. Осы арқылы жақсылық пен жамандық, өмір мен өлім сияқты қарама-қарсылықтар бір-бірін жоққа шығармай, керісінше, бір космостық заңдылықтың құрамдас бөлігі екені аңғарылады. Демек, өлендегі авторлық метафоралар С. Кәрібаева айтқандай, тек бейнелі сөз қолданысы емес, автордың дүниетанымдық ойлау ерекшелігін танытатын танымдық құрал қызметін атқарады. Инверсия қызметі поэтикалық пафосты қалыптастыруға қызмет атқарып тұр. Сөздердің орын ауысуы өленге жай ғана баяндау сипатын емес, өсиеттік, толғаулық мән береді. Ол адамды өткінші сәтсіздіктерге (сүрінуге, күйікке) мұңаймай, «ұлы өмірдің ұланы» екенін сезініп, биікке самғауға үндейді.

Төлеген Қажыбайдың «Өмір жыры» өленінің екінші бөлімдегі бейнелілік лирикалық қаһарманның есейу, уақытпен бетпе-бет келу және өткен күнге есеп беру сәтіндегі ішкі толғаныстары арқылы жаңа метафоралық деңгейге көтеріледі.

Өмір атты теңіздің,

Жалында келем жармасып [8,47]. Осы тармақтағы «өмір атты теңіздің» сөз өрнегі дүниенің шексіздігі мен тұңғиықтығын, адам баласының сол алып кеңістіктегі «жалында келем жармасып» деген жолдар арқылы арпалысқа толы тағдырын бейнелейтін дәстүрлі, бірақ терең метафоралық образ.

Жатыр самай шашымды,

Ақ қылаулы қар басып [8,48]. «Ақ қылаулы қар басып» сөз айшығы самай шашқа түскен ақты қар бейнесімен шендестіру арқылы уақыттың зымыран ағысын, физикалық қартаю мен рухани толысуды суреттейтін ұтымды психологиялық параллелизм. «Өмір атты теңіз» бен «ақ қылаулы қардың» бейнелі сөз өрнектерін қолданысы өленнің философиялық өзегін арттыра түскен. Оқырман уақыттың өткенін жалаң факт ретінде емес, самайдағы қар мен теңіздегі толқын тәрізді сурет дәлдігі арқылы терең түйсінеді.

Жандай желдің өтінде,

Қалтырайсың, тоңасың [8,48].

Бұл өлең жолдарынан адамның өмір соқпақтары мен тағдыр сындары алдындағы дәрменсіздігін, жалғыздығын экзистенциалды сезіндіретін суық әрі қатал табиғат бейнесі.

ISSN 2788-7979 (online)

Өлеңнің екінші бөлімнің философиялық өзегі – уақыт пен адам, қарыз бен парыз, өткенге салауат айту пәлсапасы. Ақын адам ғұмырының шектеулілігін сезіну арқылы туатын ішкі рефлексияны алға тартады. «Өткен күннен қорқасың» деген жолдар уақыттың қайта оралмайтын қасиетінен туған үрей емес, «артыма не қалдырдым, өмірді бос өткізбедім бе?» деген жауапкершілік философиясынан туған.

Өмір, саған қарызбын,

Алғаным көп, берген аз [8,48]. Бұл өлең жолдарында адамның жаратылыс алдындағы, тіршілік алдындағы перзенттік парызын ұғынуын көрсетеді. Бұл – өзімшілдіктен арылып, өмірдің мәнін терең түсінген кемел тұлғаның философиясы.

«Өмір жыры» өлеңінің бірінші бөлімдегідей мұнда да автор дүниенің дуальді (екіжақты) сипатын қарама-қарсы ұғымдар мен шендестірулер (табу мен тонату, өкіну мен өкінбеу (мәз болу), ерте мен кеш, алған мен берген) арқылы ширықтыра түседі. Бұл ойымызды өлең жолдарымен дәлелдей түсер болсақ:

Тапқаным бар менің де,

Кейде барды тонаттым [8,48].

Өкін мейлі, өкінбе,

Барыңа мәз боласың [8,48].

Ерте демей, кеш демей

Тыныш таппай жортасың [8,48].

Өмір, саған қарызбын,

Алғаным көп, берген аз [8,48]. Бұл анитезалар лирикалық кейіпкердің ішкі арпалысы мен өмір тепе-теңдігін іздеу жолындағы қайшылықты табиғатын ашуға қызмет етеді.

Дәл осы өмір мен өлім, рух мықтылығы, мәңгілік пен жалғыздық, уақыт тақырыбы қазақ поэзиясының басқа да ірі өкілдерінде өзіндік бейнелік шешімін табады. Мұқағали поэзиясына тән экспрессивтілік пен бейнелілік жүйесі «Өмір дейтін» өлеңде өте ширыққан, стихиялық образдық деңгейде көрінеді. Өлеңнің философиялық өзегі – болмыстың қатал заңдылықтарымен тайталасу, шығармашылық арқылы трагедияны жеңу (катарсис). Лирикалық қаһарман өмірдің қаталдығына («мұң мен зар», «қайғы») қарсы тұрудың жолын жырдан іздейді. «Жырлап кетем, алдымен жылаймын да» жолдарында жылау – әлсіздік емес, адамдық табиғаттың көрінісі, ал жырлау – сол мұңды жеңетін рухтың асқақтығы. «Дариясы өмірдің шайқалмайды, / Дәрмені жоқ бір пенде жылағанға» жолдары дүниенің объективті заңдылығын, адамның жеке мұңына қарамастан өмір ағысының тоқтамайтынын мойындау. Ақын «қайғының жүгін артып, еңкеймейтін, қайсар қуаныштан бөлініп қалмайтын» рух беріктігін дәріптейді.

Өмір дейтін тайғанақ мұз айдында,

Жырлап кетем, алдымен жылаймын да,

Сөредегі кермені кесіп өтсем,

Маған әлі жетпейді құдайдың да [10,37].

... Ұры уайым тиер деп қай жағымнан,

Секем алған киіктей аңдап тұрам [10,37].

Көзім жасын көл етсем сонер ме екен,

Көмейімнен лапылдап шашқан жалын?! [10,37].

«Тайғанақ мұз айдыны» метафорасы өмірдің тұрақсыздығы мен жауапкершілігін, «секем алған киіктей» теңеуі лирикалық субъектінің сезімтал қалпын, ал «көмейімнен лапылдап шашқан жалын» бейнесі шығармашылық қуатты танытады. Жылау мен жырлау, көз жасы мен жалын, мұң мен қуаныш арасындағы семантикалық қарама-қарсылық адам жанының ішкі арпалысын күшейтеді. Мұнда құрылымдық хиазмнан гөрі су мен от образдарына құрылған антитезалық модель басым.

Көзім жасын көл етсем... (көз жасы - мұң, сөндіруге бағыттау) [10,37].

...сонер ме екен... (сөну - рухани өлім) [10,37].

...лапылдап шашқан жалын?! (жалын - өмір, шығармашылықтың өлместігі) [10,37].

ISSN 2788-7979 (online)

Көз жасы рухани сөну қаупін білдірсе, оған қарсы қойылған жалын шығармашылық өміршеңдікті танытады. Осы антитеза Мұқағали поэзиясындағы мұңды жыр қуатымен еңсеру идеясын жинақтайды. Салыстырмалы контексте бұл модель Т. Қажыбайдағы «қайғы–шаттық» оппозициясымен үндескенімен, Мұқағалида сыршыл әрі драмалық интонация арқылы дараланады.

Төлеген Айбергенов «Өмір» атты өлеңдегі бейнелілік жүйесі динамикалық қозғалыс пен эмоциялық қуат үйлесіміне толы.

Өмір деген – көк мұхиттың толқыны,
Бір-бірімен жатқан шулап жалғасып [11,36].
Өмір деген – пәк жаралған махаббат,
Ғашықтықтың жарқылдаған көздері [11,37].
Өмір деген – мәңгі гүлдер жататын
Құштарлықтың толғағы мен көктемі [11,37].

«Көк мұхиттың толқыны» метафорасы өмірдің шексіз қозғалысын, «пәк жаралған махаббат» пен «құштарлықтың көктемі» тіркестері оның жасампаз қуатын танытады. Жалғасу мен арбасу, нүкте мен шексіздік арасындағы антитезалық қатынас Т. Айбергенов поэзиясына тән романтикалық-экспрессивтік пафосты қалыптастырады. Бұл салыстыру Т. Қажыбайдағы сабырлы толғаулық интонацияны айқындайтын контраст қызметін атқарады.

Бір-бірімен жатқан шулап жалғасып,
Бір-бірімен жатқан тулап арбасып [11,36].
Көк мұхиттың толқыны...
...пәк жаралған махаббат [11,37].
Ешкім оған қоя алмайды нүктені,

Бұл жолдарда өмір күрес пен махаббаттың тұтастығы ретінде бейнеленеді. «Өмір деген...» анафорасы әр шумақты ортақ концептіге бағындырса, «нүкте» образы аяқталудың шартты белгісі ретінде қозғалысқа қарсы қойылады. Мұнда хиазмнан гөрі мағыналық параллелизм мен семантикалық қарама-қарсылық анық көрінеді. Т. Айбергеновтің асқақ үндеуі мен қозғалысқа құрылған образдары Т. Қажыбайдың өмірді «ұлы көш» ретінде пайымдайтын толғаулық моделінен ерекшеленеді.

Үш ақындағы типологиялық үндестік өмірді қозғалыс, сын және рухани сабақтастық ретінде қабылдаудан байқалады. М. Мақатаевта бұл өзек сыршыл драматизм мен «көз жасы–жалын» антитезасы арқылы, Т. Айбергеновте мұхит, толқын, көктем образдарына негізделген романтикалық серпін арқылы ашылады. Т. Қажыбайдың даралығы — өмірді «ұлы көш» түрінде ұлттық тарихи тәжірибемен сабақтастырып, қайғы–шаттық, күдік–үміт, өмір–өлім жұптарын өсиеттік-толғаулық интонацияға бағындыруында. Демек, салыстырылатын ақындар негізгі нысан емес, Т. Қажыбай поэтикасының өзіндік сипатын нақтылайтын типологиялық контекст қызметін атқарады.

Т. Қажыбай поэзиясының бейнелілігі мен көркемдік-философиялық қуаты табиғат және көңіл-күй лирикасында айқын көрінеді. Ақынның табиғат лирикасы таза пейзаждық суреттеуден гөрі, туған жер — Көкшетау, Бурабай, Саумалкөл, Айыртау образын ұлттық рухтың символына айналдыратын сипатымен ерекшеленеді. Көкше пейзажы көптеген арнау өлеңдерде («Ақын Кәкімбек Салықовқа», «Кер маралы Көкшенің») лирикалық қаһарманның рухани отаны әрі шабыт көзі ретінде беріледі: «Биіктет Көкше күмбезін!». «Көкшеге» өлеңіндегі бейнелілік жүйесі Көкшетау табиғаты мен лирикалық қаһарманның ішкі жан дүниесі арасындағы терең психологиялық параллелизмге негізделген.

Армысың тауым — ақ жамбы,
Атырдым сенде ақ таңды.
Ұзатып сенде тамызды,
Қарсы алдым талай ақпанды [8, 105].

Жайлауы — көңіл, жаным — бақ,
Тағы да келдім жалындап.

ISSN 2788-7979 (online)

Ақ қардай аппақ құшақта,
Жатайын тағы дамылдап [8, 105].

«Тауым — ақ жамбы» сөз өрнегі Көкшенің сыртқы сұлулығын ғана емес, оның қазақ болмысы үшін және ақынның жеке дүниетанымында аса қымбат, киелі әрі бағалы құндылық екенін танытатын бірегей метафоралық бейне болып табылады. Табиғат пен мезгіл бейнесі — тамыз бен ақпан — уақыттың ауысуын ғана емес, ақынның осы мекенде өткізген ғұмырының ыстық-суығын, өмір сабақтарын да бейнелейді. «Ақ қардай аппақ құшақ» бейнелі тіркесі Көкше табиғатын аналық мейіріммен, тазалықпен және пана болатын қасиетті кеңістікпен байланыстыратын кейіптеу образы ретінде көрінеді. Өлеңнің философиялық өзегі табиғатпен тұтасу, перзенттік парыз және сағыныш философиясынан тұрады. Ақын өзін туған жердің бөлшегі ретінде сезінеді. Көкше — жай ғана географиялық мекен емес, ақынның рухын тыныштандырып, шығармашылық қуат беретін киелі сая.

«Қарыздар мен де қалмаспын,
Бауырыңа бас та аяла [8, 105].»

Бұл жолдар адамның туған жер алдындағы перзенттік міндетін ұғынуын көрсетеді. Түзден келген ұлдың туған жер топырағына тағзым етуі өмірдің мәні мен тамырын іздеу философиясын аңғартады. Өлеңнің ішкі эмоционалдық қуатын сақтау үшін автор мезгілдер мен сезімдер контрастын, яғни антитезасын шебер қолданған. Тамыздың ыстығы мен ақпанның суығы, алаудай ыстық пен ақ қардай аппақ, ойға бату мен дамылдау — бір-біріне қарама-қарсы бейнелер мен ұғымдар.

Ұзатып сенде тамызды,
Қарсы алдым талай ақпанды [8, 105].
Алаудай ыстық құмыңды... [8, 105].
Ақ қардай аппақ құшақта... [8, 105].

Ойларға небір батқамын... [8, 105].
Жатайын тағы дамылдап... [8, 105].

Бұл шендестірулер туған жердің аптап ыстығы да, ақпанның қары да ақын үшін бірдей ыстық әрі қымбат екенін дәлелдейді. «Тауым — ақ жамбы», «алаудай ыстық құм», «ақ қардай аппақ құшақ» метафоралары мен теңеулері өлке сұлулығын бейнелі түрде жеткізеді. Ал «Алдымнан күліп ақ таңым», «Бауырыңа бас та аяла» деген кейіптеулер табиғатты тірі ағзаға, ана бейнесіне айналдырып, өлеңнің лирикалық пафосын күшейтеді. «Ақ таңды», «ақ таңым», «аппақ құшақ» тіркестерінің өлең бойында концептуалды түрде қайталануы Көкше өлкесінің сұлулығы мен тазалығын, сондай-ақ ақынның ізгі ниетін символикалық тұрғыдан айшықтайды.

Табиғат пен туған жер бейнесі қазақ поэзиясында өзіндік өрнекпен айрықша орын алған. Төлеген Айбергеновтің табиғат және туған жер тақырыбындағы өлеңдеріне үңілсек, табиғат образы кеңістіктік сипатта беріліп, романтикалық арманмен сабақтасады. «Дала» өлеңінде туған жер шексіздіктің және ұмтылыстың символына айналады.

Арманың ада болмас арна сенің,
Туған жер, сірә сенің бар ма шегің?!
Сен үшін қызыл аяқ қырды кезіп,
Жалаң аяқ жар кешемін [11, 19].

Шаттықтан мінген төбем шыңға айналып,
Тамырлар ток жүретін сымдай жанып
Мен саған қарап тұрмын мың ойменен
Көзім күліп, тіл байланып [11, 19].

Т. Айбергенов поэзиясына тән кеңістік ауқымы мен экспрессивтілік «Дала» өлеңіндегі қозғалыс, шексіздік және рухани қуат образдарынан көрінеді. «Тамырлар ток жүретін сымдай жанып» метафорасы туған жерден тарайтын жасампаз энергияны танытады. Бұл серпінді кеңістік моделі Т. Қажыбайдың Көкшені тарихи жад пен перзенттік парыздың мекені ретінде бейнелеуінен өзгеше.

Мен саған қарап тұрмын мың ойменен
Көзім күліп, тіл байланып [11, 19].

Бұл жолдарда риторикалық леп пен үнсіз толғаныс қатар келіп, туған жер алдындағы таңданыс сезімін күшейтеді.

Мұқағали Мақатаевта табиғат лирикалық «меннің» жан серігі әрі тебіреніс көзі ретінде көрінеді.

Сылдырап бауырында бұлақ аққан,
Сыңсыған ну орманың мүлгіп жатқан.
Қарасаз, кіндік қаным саған тамған,
Жолдасым бірге келген сенде қалған [10, 111].

Мұқағали Мақатаевтың «Қарасазым» («Туған жерім») өлеңі туған жерге деген терең сүйіспеншілік пен сағынышты әсерлі бейнелейді. Ақын Қарасаз табиғатын «сылдырап бұлақ аққан», «сыңсыған ну орман», «сылаңдап өзен суы» сияқты көркем эпитеттер мен кейіптеулер арқылы жанды бейнеге айналдырады. Бұл бейнелі тіркестер туған өлкенің әсемдігін оқырманға айқын сезіндіреді. Өлеңде туған жер ақынның балалық шағы мен өткен өмірі сақталған қасиетті мекен ретінде суреттеледі. «Кіндік қаным саған тамған» деген жолдар туған жер мен адам арасындағы ажырамас байланысты білдіреді. Ақынның балалық шағын еске алуы өмірдің өткіншілігі туралы философиялық ойға жетелейді. Өлеңнің философиялық өзегі адамның қайда жүрсе де туған жерін ұмытпайтынына және оның мәңгі жүрек төрінде сақталатынына негізделген. Табиғат көріністері ақынның ішкі сезімімен астасып, мұң мен сағынышты тереңдете түседі. «Әкетсе тағдыр айдап, бар ма лажым?» деген жолдар адам тағдырының өмір заңына бағынатынын көрсетеді. Өлеңнің бейнелілігі мен философиялық тереңдігі туған жердің адам өміріндегі орнының ерекше әрі мәңгілік құндылық екенін танытады. Әдебиет зерттеушісі Б. Бегманова «Қарасаз» өлеңін оқығанда оқырманның көз алдына бейнелі сурет елестейтінін айтады. Ғалымның пікірінше, ақын жылдың басқа мезгілін емес, дәл көктемді таңдап алып, оны туған табиғатымен байланыстыра жырлауы оның зерделілігін танытады [12, 56].

Үш ақынға туған жерді географиялық мекеннен жоғары қоятын рухани түсінік ортақ. М. Мақатаевта Қарасаз лирикалық «меннің» балалық шағы мен сағынышын сақтайтын сыршыл кеңістік ретінде, Т. Айбергеновте дала романтикалық ұмтылыс пен қуаттың шексіз өрісі ретінде көрінеді.

Т. Қажыбайда Көкше бейнесі осы ортақ дәстүрді тарихи жад, перзенттік парыз және толғаулық рефлексиямен толықтырады. Сондықтан оның табиғат лирикасындағы басты даралық белгі — пейзажды ұлттық-тарихи сананың көркем моделіне айналдыру.

Табиғат бейнесінің символдық қызметін қазақ поэзиясының басқа өкілдерімен салыстыру Төлеген Қажыбайдың поэтикалық даралығын нақтылай түседі. Мұқағали Мақатаевта табиғат лирикалық «меннің» ішкі сезім әлемімен астасып жатса, Төлеген Айбергеновте кеңістік романтикалық ұмтылыстың белгісі ретінде көрінеді. Ал Төлеген Қажыбай табиғат кеңістігін ұлттық тарихи жадтың көркем моделіне айналдырады. Төлеген Қажыбай поэзиясының бейнелілік жүйесі жанрлық ерекшеліктердің қарапайым жиынтығы емес, өзара сабақтасқан тұтас көркемдік құрылым екенін дәлелдейді.

ISSN 2788-7979 (online)

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу Т. Қажыбай поэзиясындағы философиялық, көңіл-күй және табиғат лирикасының адам–уақыт–мекен тұтастығына негізделген көркемдік жүйе құрайтынын көрсетті. «Өмір жыры» циклінде өмір–өлім және уақыт–мәңгілік модельдері антитеза, метафора, анафора мен композициялық шеңбер арқылы түзілсе, табиғат өлеңдерінде психологиялық параллелизм туған жерді тарихи жад пен рухани тұтастықтың символына айналдырады.

Салыстырмалы-типологиялық талдау ортақ тақырыптық өзекті ғана емес, авторлық айырмашылықтарды да айқындады: М. Мақатаевта сыршыл-медитативтік драматизм,

Т. Айбергеновте романтикалық серпін мен кеңістік ауқымы басым; Т. Қажыбайда толғаулық интонация, ұлттық тарихи жад және перзенттік парыз бір жүйеге бірігеді. Ақынның жаңашылдығы дәстүрлі толғау, арнау және жоқтау поэтикасын тұлғалық рефлексиямен және Көкше кеңістігінің авторлық моделімен ұштастыруынан көрінеді.

Осылайша, Т. Қажыбай поэзиясының ұлттық әдеби үдерістегі орны жекелеген көркемдік тәсілдердің молдығымен емес, олардың өмір, уақыт, туған жер және тарихи жад туралы тұтас авторлық концепцияға бағынуымен айқындалады. Зерттеу нәтижелері ақын шығармашылығын кейінгі еңбектерде мәтінаралық байланыс, мәдени жад және аймақтық әдеби кеңістік тұрғысынан тереңдете қарастыруға негіз болады.

Мақаланы дайындау барысында мәтінді техникалық редакциялау үшін ChatGPT, әдебиеттер тізімін реттеу үшін EndNote бағдарламасы қолданылды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Әдебиеттану терминдер сөздігі (Құрастырушылар: З. Ахметов, Т. Шаңбаев). – Алматы: «Ана тілі», 1988. – 384 б.
2 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: «Мектеп», 1973. – 180 б.
3 Оразханова М. И. Табиғат лирикасы: дәстүр жалғастығы және бейнелілік. Монография. ПМПИ, 2016. – 136 бет.
4 Lamarque, Peter Vaudreuil (2017) Philosophy and the Lyric. Journal of Literary Theory. pp.63-73. https://orcid.org/0000-0002-2406-8750
5 Simecek, Karen. 2022. “Linking perspectives: A role for poetry in philosophical inquiry.” Metaphilosophy 53: 305–318.https://doi.org/10.1111/meta.12544
6 Негимов С. Өлең өрімі. – Алматы: «Ғылым», 1980. – 136 б.
7 Жәмішев Ә. Жыр жанары. – Алматы: «Жазушы», 1970. – 96 б.
8 Төлеген Қажыбай. Шығармалар жинағы. Т.1. Өлеңдер мен балладалар жинағы. – Көкшетау: «Мир печати», 2022. – 412 б.
9 Кәрібаева С. Е. С. Мұқанов поэзиясындағы авторлық метафоралар (когнитивтік аспект). Фил.ғыл.канд. ғыл.дәрежесін алу үшін дайындалған автореферат. –Астана,2010
10 Мақатаев М. Шығармаларының төрт томдық жинағы. Т. 2. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: «Жалын», 2001. – 320 б.
11 Айбергенов Т. Бір тойым бар. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: «Жазушы», 1989. – 182 б.
12 Бегманова Б. Мұқағали Мақатаев және қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық. Әдеби зерттеу. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС, «Дәстүр», 2015. –232 б.
13 Abramova, G., Dmitryuk, N. Edification Dictums in the Language Consciousness of the Kazakh Ethnos. – Psycholinguistics, 2021. – 29 (2). – P. 8–24. https://doi.org/10.31470/2309-1797-2021-29-2-8-24

ISSN 2788-7979 (online)
14 Sultangubiyeva, A. A., Avakova, R. A., Gabdullina, Z. Ye., Ibraggimkyzy, S., Imangalieva, S. Zh. Linguistic units of the concept «heart» in the world linguistic image (On the material of Kazakh and English languages). – Astra Salvensis, 2021. – P. 187–198. – https://astrasalvensis.eu/2021-2/

Материал 29.06.2026 баспаға түсті

Художественно-философские особенности поэзии Толегена Кажыбая

А.М. Ахмеджанова[1], Г.К. Кажибаева[1]
[1]Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова, Кокшетау, 020000, Казахстан

В статье выявляется художественно-философская система поэзии Толегена Кажыбая и определяется ее авторское своеобразие в сравнительно-типологическом контексте. Материалом послужили цикл Т. Кажыбая «Өмір жыры» и стихотворение «Көкшеге»; произведения М. Макатаева «Өмір дейтін», «Туған жерім» и Т. Айбергенова «Өмір», «Дала» использованы как сопоставительный материал. Сравнение проведено по тематическому ядру, позиции лирического субъекта, модели пространства, ведущим тропам и композиционно-семантической структуре. Установлено, что общими для трех поэтов являются осмысление жизни как движения, единства противоположностей и духовной преемственности. Индивидуальность Т. Кажыбая проявляется в соединении поэтики толгау, посвящения и плача с образом Кокше, национальной исторической памятью и личностной рефлексией. Антитеза, метафора, символ, психологический параллелизм и композиционное кольцо образуют в его лирике целостную модель «человек–время–пространство».

Ключевые слова: поэзия, сравнительно-типологический анализ, художественная система, экзистенциальная проблематика, психологический параллелизм, историческая память, национальная поэтическая традиция.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Словарь литературоведческих терминов (Сост.: З. Ахметов, Т. Шанбаев). – Алматы: «Ана тілі», 1988. – 384 с.
2 Ахметов З. Теория стихотворного слова. – Алматы: «Мектеп», 1973. – 180 с.
3 Оразханова М. И. Пейзажная лирика: преемственность традиции и образность. Монография. ПГПИ, 2016. – 136 с.
4 Lamarque, Peter Vaudreuil (2017) Philosophy and the Lyric. Journal of Literary Theory. pp.63-73. https://orcid.org/0000-0002-2406-8750
5 Simecek, Karen. 2022. “Linking perspectives: A role for poetry in philosophical inquiry.” Metaphilosophy 53: 305–318.https://doi.org/10.1111/meta.12544
6 Негимов С. Узор стиха. – Алматы: «Ғылым», 1980. – 136 с.
7 Жамишев А. Свет поэзии. – Алматы: «Жазушы», 1970. – 96 с.
8 Толеген Кажыбай. Собрание сочинений. Т.1. Сборник стихотворений и баллад. – Кокшетау: «Мир печати», 2022. – 412 с.
9 Карибаева С. Е. Авторские метафоры в поэзии С. Муканова (когнитивный аспект). Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – Астана, 2010.
10 Макатаев М. Собрание сочинений в четырех томах. Т. 2. Стихи и поэмы. – Алматы: «Жалын», 2001. – 320 с.
11 Айбергенов Т. Есть у меня праздник. Стихи и поэмы. – Алматы: «Жазушы», 1989. – 182 с.
12 Бегманова Б. Мукагали Макатаев и традиция и новаторство в казахской поэзии. Литературное исследование. – Алматы: ТОО «Каратау КБ», «Дәстүр», 2015. – 232 с.
13 Abramova, G., Dmitryuk, N. Edification Dictums in the Language Consciousness of the Kazakh Ethnos. – Psycholinguistics, 2021. – 29 (2). – P. 8–24. https://doi.org/10.31470/2309-1797-2021-29-2-8-24

ISSN 2788-7979 (online)

14 Sultangubiyeva, A. A., Avakova, R. A., Gabdullina, Z. Ye., Ibraggimkyzy, S., Imangalieva, S. Zh. Linguistic units of the concept «heart» in the world linguistic image (On the material of Kazakh and English languages). – Astra Salvensis, 2021. – P. 187–198. – https://astrasalvensis.eu/2021-2/

Материал поступил в редакцию журнала 29.06.2026

Artistic and philosophical peculiarities of tolegen kazhybai's poetry

A. Akhmedzhanova[1], G. Kazhibaeva[1]

[1]Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, 020000, Kazakhstan

The article identifies the artistic and philosophical system of Tölegen Qazhybai's poetry and defines its authorial distinctiveness in a comparative-typological context. The material comprises Qazhybai's cycle "Ömir jyry" and the poem "Kökshege"; Muqaghali Maqataev's "Ömir deitin" and "Tughan jerim" and Tölegen Aibergenov's "Ömir" and "Dala" provide the comparative context. The poems are compared by thematic core, position of the lyric subject, spatial model, dominant tropes, and compositional-semantic structure. The three poets share a conception of life as movement, a unity of opposites, and spiritual continuity. Qazhybai's individuality lies in combining the poetics of tolgau, dedication, and lament with the image of Kökshe, national historical memory, and personal reflection. In his lyric poetry, antithesis, metaphor, symbol, psychological parallelism, and ring composition form an integrated human–time–space model.

Key words: poetry, comparative-typological analysis, artistic system, existential themes, psychological parallelism, historical memory, national poetic tradition.

REFERENCES

1 Dictionary of Literary Terms (Comp.: Z. Akhmetov, T. Shanbaev). – Almaty: "Ana tili", 1988. – 384 p.
2 Akhmetov Z. The Theory of Poetic Word. – Almaty: "Mektep", 1973. – 180 p.
3 Orazkhanova M.I. Nature Lyric Poetry: Continuity of Tradition and Imagery. Monograph. PSPI, 2016. – 136 p.
4 Lamarque, Peter Vaudreuil (2017) Philosophy and the Lyric. Journal of Literary Theory. pp.63-73. https://orcid.org/0000-0002-2406-8750
5 Simecek, Karen. 2022. "Linking perspectives: A role for poetry in philosophical inquiry." Metaphilosophy 53: 305–318.https://doi.org/10.1111/meta.12544
6 Negimov S. The Pattern of Verse. – Almaty: "Gylym", 1980. – 136 p.
7 Zhamishev A. The Light of Poetry. – Almaty: "Zhazushy", 1970. – 96 p.
8 Tölegen Qazhybai. Collected Works. Vol. 1. Collection of Poems and Ballads. – Kokshetau: "Mir pechati", 2022. – 412 p.
9 Karibaeva S.E. Authorial Metaphors in S. Mukanov's Poetry (Cognitive Aspect). Abstract of the dissertation for the degree of Candidate of Philological Sciences. – Astana, 2010.
10 Maqataev M. Collected Works in Four Volumes. Vol. 2. Poems and Long Poems. – Almaty: "Zhalyn", 2001. – 320 p.
11 Aibergenov T. I Have a Celebration. Poems and Long Poems. – Almaty: "Zhazushy", 1989. – 182 p.
12 Begmanova B. Muqaghali Maqataev and Tradition and Innovation in Kazakh Poetry. Literary Study. – Almaty: "Karatau KB" LLP, "Dästür", 2015. – 232 p.
13 Abramova, G., Dmitryuk, N. Edification Dictums in the Language Consciousness of the Kazakh Ethnos. – Psycholinguistics, 2021. – 29 (2). – P. 8–24. https://doi.org/10.31470/2309-1797-2021-29-2-8-24

ISSN 2788-7979 (online)
14 Sultangubiyeva, A. A., Avakova, R. A., Gabdullina, Z. Ye., Ibraggimkyzy, S., Imangalieva, S. Zh. Linguistic units of the concept «heart» in the world linguistic image (On the material of Kazakh and English languages). – Astra Salvensis, 2021. – P. 187–198. – https://astrasalvensis.eu/2021-2/

Received: 29.06.2026

МРНТИ 17.82.31 DOI: 10.59102/kufil/2026/iss3pp267-282

Б.С. Байжігіт [1], Е.С. Шмакова[1], Ж.Т. Кадыров[2]
[1]Таразский университет имени М.Х. Дулати, Тараз, 080000, Казахстан
[2]Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева, Петропавловск, 150000, Казахстан

НОВОЯЗ КАК ФОРМА ИНДИВИДУАЛЬНО-АВТОРСКОГО СЛОВОТВОРЧЕСТВА В СОВРЕМЕННОЙ РУССКОЙ И КАЗАХСТАНСКОЙ ПРОЗЕ

В статье рассматривается проблема индивидуально-авторских неологизмов в современной русской и казахстанской русскоязычной прозе как важного средства художественной выразительности и авторской индивидуализации в условиях постмодернистского литературного дискурса. Цель исследования состоит в выявлении художественного своеобразия индивидуально-авторских неологизмов и анализе способов их функционирования в прозе писателей-постмодернистов. Основное внимание уделяется произведениям В. Сорокина, Л. Петрушевской, Д. Накипова, А. Кима и А. Жаксылыкова, в которых авторское словотворчество и новояз выступают значимыми элементами поэтики. Научная значимость работы заключается в сопоставительном анализе индивидуально-авторских неологизмов в российской и казахстанской прозе, что позволяет выявить общие тенденции языкового эксперимента и национально-культурную специфику авторского новояза. Практическая значимость определяется возможностью использования результатов исследования в преподавании современной литературы и стилистики художественного текста.

Методологическую основу исследования составляют сравнительно-сопоставительный, структурно-семантический и контекстуальный анализы, а также элементы герменевтического и интерпретационного методов. В результате исследования установлено, что индивидуально-авторские неологизмы выполняют широкий спектр функций: от создания заумной речи и авторской игры до передачи философских, психологических и этических смыслов. Выявлено, что казахстанские авторы формируют разветвлённые системы авторских номинаций, направленные на моделирование альтернативных художественных миров и осмысление последствий цивилизационных катастроф. Ценность исследования состоит в расширении представлений о роли индивидуально-авторских неологизмов в поэтике постмодернистского текста и уточнении их функций в современной литературе. Практическое значение работы заключается в возможности применения полученных выводов в научных исследованиях, учебных курсах и аналитической работе с художественным текстом.

В ходе исследования установлено, что индивидуально-авторские неологизмы формируются под воздействием комплекса факторов: динамики общественного сознания, билингвальной и бикультурной среды, авторской эстетической программы, а также особенностей индивидуального мышления писателя. На материале произведений В. Сорокина, Л. Петрушевской, А. Кима, А. Жаксылыкова и Д. Накипова выявлены устойчивые типологические модели авторского словотворчества, включающие неологизмы,